

A.M. Tineibayeva, M.B. Shaykhystamova

A. Yassawe International Kazakh-Turkish University, Turkestan
83_malika@mail.ru

PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL BASES OF FORMATION OF CHILDREN'S POETRY

Annotation. The article deals with psychology and pedagogical basics of formation of children's. Children's literature - the life book, that gives knowledge and education to younger generation. Development of children's literature, anyway, is connected with the ideas of age psychology and pedagogics.

Key words: children's literature, poetry, age psychology, personality, didactics.

ӘОЖ 808.068

A.M. Тинейбаева, М.Б. Шайхыстамова

А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің докторанттары, Түркістан,

БАЛАЛАР ПОЭЗИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Annotation. Мақалада балалар әдебиеті қалыптасуының психологиялық-педагогикалық негіздері қарастырылған. Балалар әдебиеті - жас жеткіншектерге тәрбие беретін білім бұлағынан сусындататын өмір оқулығы, қуатты құралы. Балалар әдебиетінің дамуы жас ерекшелік психологиясы мен педагогикалық идеяларымен тоғысып дамыды.

Кілт сөздер: балалар әдебиеті, поэзия, жас ерекшелік психологиясы, тұлға, дидактика.

Кіріспе

Халық педагогикасы-ұлттық тәрбиеден жинақталған бай қазына, өшпес өнеге, тәрбие өрнектері: балалар әдебиеті, ертегілер, жырлар, жұмбақтар, жаңылтпаштар, аңыздар мен әңгімелер, мақал-мәтелдер, әдет-ғұрып, ұлттық ойындар, ойыншықтар, мерекелер, баға жетпес мұра, тәлім-тәрбиенің сарқылмас қайнар көзі. Балалар әдебиеті - жас жеткіншектерге тәрбие беретін білім бұлағынан сусындататын өмір оқулығы, қуатты құралы.

Әдеби туындылар, балалардың сана-сезімін оятып, ақыл-ойын дамытып, оларды адамгершілікке, үлкенді сыйлауға, кішіге құрметпен қарауға көп үлес қосары анық. Балаларға лайықталған әсерлі әңгімелер, ертегілер, өлең жырларды, жыл мезгілдеріне байланысты өлең-тақпақтарды, жұмбақтар мен жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер, алфавиттік жұмбақтарды мәнерлеп әсерлеп оқып беру өте пайдалы болады.

Балалар әдебиеті - көркем әдебиет саласындағы ерекше құбылыс, оны қонымдылық, динамизм, сюжеттілік, қызықтыру мен көркем өрнектері, өнегелілігі ерекшелендіреді. Бұл шындық пен жалғанның күнделікті және әдеттен тыс әрекеттің түптеуінен құрылған бірлік. Балаларға арналған өлеңдер «үйреншіктінің поэтизациясын», баланы қоршаған, үйреншікті заттардың поэтикалық

дәріптеушілікті, ерекше сұлулыққа мән беріп, ертегілік ауысулар мен үйлесімділікті қамтиды. Поэзиямен танысу - адамның рухани кеңістігінің негізгі байыту құралы болып табылады. Балалар поэзиясы арқылы бүлдіршіндер дәстүр мен әлеуметтік жүріс-тұрыстың мәдени үлгілерін игереді, оның зерттеуі әлеуметтендіру процесінің ерекшеліктері мен балалардың ересектер ортасында мәдениеттену механизмін айшықтайды.

«Поэзия – қазақ халқы үшін бесіктегі баласынан данасына дейін эстетикалық ләззат, тәрбие берген, тіршілігіне араласқан, әлденеше міндетті бір өзі атқарған жанр. Кішкентай бөбек қабылдауы сезім арқылы өтеді екен. Ал, поэзия оқушысына сезім арқылы әсер етеді. Демек, бұл арада өлең мен бүлдіршін қабылдауы аралығында сәйкестік бар. Бала өлеңге әуес, өлең бала қабылдауына оңтайлы. Бірақ, өлеңнің де өлеңі бар. Әр алуан табиғатты поэзия бар. Үлкендер поэзиясын кішкентайларға таңа алмайсың. Бөбектер поэзиясының, оқушысына орай, өз сатылары, сатыларына сай сан алуан талабы бар» – дейді балалар әдебиетінің зерттеушісі Қ.Ергөбек[1, 175].

Әдеби-көркем амал-тәсілдерді қолдана отырып, жас ұрпақты тәрбиелеуге, баланың жан дүниесін, рухани әлемін байытуға бағдар ұстанатын балалар поэзиясына қойылатын тәрбиелеушілік міндет оған көптеген ауқымды мәселелерді ескеруді міндеттейді. Дүниетаным-көзқарасы белгілі деңгейде қалыптасып үлгерген үлкендерге қарағанда, жас баланың жан дүниесіндегі өзгерістер ойлану-толғануларға негізделген ұзақ мерзімді танымдық әрекеттерден гөрі, сәттік әсерленулер мен сезімдерден бастау алады. Бұл мәселеге М.Жұмабаевтың тұңғыш ұлттық педагогикалық еңбегінде баса мән беріп, жан тәрбиесімен айналысушыларға бағыт-бағдар берумен бірге, қажетті талап та қояды: «Бастапқы кезде жөпшенді білінбейтін баланың жан тұрмысы бала өскен сайын бірте-бірте біліне бастайды. Сондықтан баланың дене тәрбиесімен жан тәрбиесін қатар алып бару керек. Қатар алып бару емес, бала өскен сайын тәрбиеші күшінің көбі баланың жан тәрбиесіне жұмсай беруге міндетті. Тегінде берік ұғу керек, адамның қымбат нәрсесі де, жұмбақ нәрсесі де сол жан. Қиын тәрбие тілейтін де сол жан. Жанды дұрыс тәрбие қылу үшін жанның жайын баяндайтын ғылыммен таныс болу керек»[2, 40]. Негізгі ерекшелігі көркемдікпен зерленген тәрбиелеушілік болып келетін балалар поэзиясына бұл талаптың тікелей қатысты екендігі дау тудырмасы жөн.

Негізгі бөлім

Әдебиет дамуының жаңа ізденістері бала-оқырманның көзжиек үмітіне лайық болып, сонымен қатар кішкентай оқырманның талғамы мен мінезінің, жеке қызығушылықтарының қалыптасуына мүмкіндік берді. Ересектер әдебиеті эстетикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени үрдісінің дамуына байланысты қалыптасса, балалар мен жас жеткіншектер әдебиеті балалар психологиясынан хабардар болуына, әр жастың топтық ерекшеліктеріне сүйене отырып, олардың тек эстетикалық қажеттіліктерін қағаттандырып қана қоймай, сонымен бірге мінезін қалыптастырып үлкен өмірге аяқ басуына да көмектеседі. Сондықтан балалар әдебиетінің тілі белгілі мөлшерде балалар жас ерекшелігі психологиясы мен педагогикасына бейімделген.

Балалар әдебиетінің дамуы, осылайша, жас ерекшелігі психологиясы мен педагогикалық идеялардың дамуын ынталандырды. Есесіне, XX ғасырда балалар тілін зерттеуде, оның психофизикалық жас ерекшеліктері және балалар мен ересектер өзара қатынас психологиясы аясында маңызды ғылыми жаңалықтар ашылды. Балалар психологиясы мен балалар сөйлеуін зерттеуі ісінде XX ғасырдың аса көрнекті психологы Л.С. Выготскийдің еңбектері үлкен рөл атқарды. Өз еңбегінде бала психологиясы зерттеуін, оның жас ерекшелігі және психофизикалық мүмкіндіктерін, қабілеттері мен қажеттіліктерін тәжірибелік педагогикамен, баланың тіл дамыту мәселелері, ойлау және зейінмен ұштастырды. Выготскийдің сіңірген еңбегі педагогикалық үдеріс ортасында бірінші орынға баланы, оның тұлғасын, жеке ерекшеліктерін қою болып табылады, ол үлкендерді (мұғалімдерді, тәрбиешілер мен ата-аналарды) баламен барынша ынтымақтастыққа шақырады. Выготскийдің пайымдауынша негізгі тіректі баланың біліміне емес, оның мінезіне, тәрбиесіне назар бөлу қажет. Бала тәрбиесіндегі маңызды фактор - тәрбиеленіп жатқан әлеуметтік орта.

Осы зерттеулер бала психологиясын және талаптарын жақсы түсінуге көмек береді. Жазушылар мен ақындардың еңбектері тек атаулы ғана бола қоймай, сонымен бірге, белгілі бір жастағы, тіптен жыныстағы кейіпкерлер мінезінің психологиялық өзгешеліктеріне толы болды. XX

ғасырдың балалар әдебиеті оқырмандардың көкжиек үмітіне лайық болуға, балалар ой-өрісін қалыптастырып, рөлі әлдеқайда ұлғайған, жанама оқырман - ата-ана немесе мұғалім ізіне шығуға талпынды. Балалар әдебиеті ілгері қарастырылмаған мәселелерді толықтыра бастады. Әр жастағы категория XX ғасыр жазушыларының назарында болып, олардың психологиялық ерекшеліктерін, баланың жасөспірімнің және жеткіншектің «өсу ауруларын» ескере отырып, баланың шығармашылық қабілеттерін дамытуға септігін тигізді.

Мәселен, *сәбилік кезең (0-ден 1 жасқа дейін)* жанрлар төңірегі шектеулі: бесік жыры, алдарқату және уату әндері болып келеді. Біршама ғасырлар бойы осы жас ерекшелік топтың көркем материалын фольклор қамсыздандыратын. XX ғасырдың балалар педагогикасынан және жас ерекшелік психологиясы аясынан хабардар болуына байланысты, әдебиеттің эстетикалық функциясы дидактикалықпен (негізгі педагогикалық мәселені шешу) және физиологиялық (моториканың дамуы, бұлшықет тонусын түсіру, баланың аяқ-қол, жүйке аяқтамаларына әсер ету) ұштасады. Поэзияның бұл түрі өте мейірімді, позитивтік, бала мен ата-ананың қарым-қатынасына оң әсерін тигізеді, олардың арасына эмоционалды байланыс орнатады.

Кіші мектеп жасына дейінгі бала (1 ден 3 жасқа дейін) қоршаған ортамен белсенді танысады: үйдің тұрмысымен, әр заттың функционалды қызметімен, баланың қиялы дамып, есте сақтау қабілеті қалыптаса бастайды. Осы жастағы бала тұлғааралық (бала мен ересек, бала мен бала арақатынасы) қарым-қатынасты дамытатын татулық, ынтығу, жиреніштік, абырой мен ұят секілді сезімдерге ие. Баланың сөйлеу қабілеті дамып, үлкендердің тілін түсіне алады, бұл өзін өзі тануға және тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына әсерін тигізеді. Соның нәтижесінен балада жаңа - ойын әрекеті қалыптасады. Бұл жастағы бүлдіршіндерге фольклор есте сақтауға жеңіл, шоғырланған сюжетті жануарлар туралы ертегілерді ұсынады. Ал авторлық әдебиет 1-3 жас аралығындағы балаларға өлеңді ертегілерді ұсынады. Олар сюжетімен еліктіріпқана қоймай, сондай-ақ рифмамен танысу, ритм ырғағын дамыту және сөздердің дұрыс пайдалануы секілді маңызды лингвистикалық элементтерді қарастырады. Балалар әдебиетінің эстетикалық және дидактикалық бөліктерін ескере отырып, осы кезеңге ойын-сауық пен танымдық функциялары маңызды екенін ұмытпау қажет.

Орта мектепке дейінгі жас (3-5 жас аралығы) баланың таным қабілетінің ұлғаюымен маңызды. Бала өз құрдастарымен, үлкендермен қарым-қатынас жасауды белсене үйреніп келеді. Соған байланысты баланың бойында көптеген өзгерістер пайда болады, оның менмендігі ығыстырылып, әлеуметтене бастайды. Бала сезімдерінің әр алуандығы кең (сүйспеншілік, өшпенділік, қуаныш, мейірімділік пен ыза), сондай-ақ өзара өтпелі. Эмоцияға тез бой алдырып, тез қайтады, бір нәрседен басқаға көңіл аудару - осы кезең балаларының физиологиялық ерекшелігі. Бұл жаста баланың адамгершілік қабілетінің негізі салына бастайды, оның әдебиетсіз қалыптасуы мүмкін емес. Осы кезең әдебиеті отбасы мүшелерімен, құрдастарымен, үлкен немесе кіші бүлдіршіндермен, тәрбиешімен және бейтаныс ересектермен қарым-қатынас жасауға шақыратын туындыларды ұсынады.

Бала әдеби кейіпкерлердің тағдыр тәлкегімен танысып, кітаптан алған әсерін шынайы өмірге тоғыстырып, нақты деректерді жиынтықтауға үйренеді. «Идентификации в форме сочувствия – самая типичная для ребенка форма отождествления другого с собой и себя с другим» [3, 52]. Осы кезең әдебиетінің ерекшелігі ойынға байланысты болуы. Жазушылар бүлдіршіндерді танымал ойындармен (секірмек ойнау, дүкен) таныстырып қана қоймай, жаңа ойындарды (ассоциациялық ойындар) ұсынады. Лингвистикалық ойын - сөз ойыны, ойындар арасында ең мәндісі, баланың ойлау, есте сақтау, логика мен сөйлеуін дамытады. Сөз ойындар ана тілін түсінуге, қолдану амалдарын кеңейтуге, оны толықтай семантикалық және фонетикалық тараптарынан пайдалануға мүмкіндік береді. Сондай-ақ сөз ойындары бала қажеттіліктерін біріктіріп, ересектер мен жазушылар зерттеуі мен бақылауының нәтижесінен, 3-5 жастағы балалардың талғамы және қажетіне сай келетін, әдебиетті ұсынады.

Жоғары мектепке дейінгі жас (5-7) бала тұлғасының және жеке ерекшеліктерінің белсенді қалыптасуында маңызды әрі жаңа кезеңі болып табылады. Осы жаста бала өз әрекетінің адамгершілік маңызын сезінеді. Баланың тұлғалық тұстары да нығая келеді. Рефлективті ойлау пайда болып: бала өз әрекетін саралап, оларды жалпы ережеге жатқызып олардың мотивтерін іздейді, баланың жауапкершілік сезімі артады. Бала өзін де, басқаларды да сыни бағалай бастайды, мысқыл сезімі пайда болады. Ал, әдебиет осы кезеңде, балаларды мектепке дайындау және білім

алу мақсатында бай дидактикалық материалмен бөліседі. Өліппе, балаларға арналған кітаптар, бірінші энциклопедиялық басылымдар бала педагогикасының негізін құрайды. Олардан басқа балалар мен ата-аналарға ғылыми-көркем кітап, танымдық ертегілер, танымдық поэзия ұсынылады. Бала ойнай жүріп әлемді таниды, ойлау қабілетін, логикасын, қиялын және дүниетанымын кеңейтеді, өмір заңдылықтары мен өзгешеліктерімен танысады, адамзаттың жаңа жетістіктеріне қол жеткізеді.

Бастауыш мектеп жасы (7-10 жас). Бұл кезең бала өмірін түбегейлі өзгертеді, бейқам балабақша бүлдіршінінен, үнемі мектептен қалмайтын және үй жұмысын орындайтын мектеп оқушысына айналады. Аталмыш өзгерістің бірқатар ерекшеліктері бар және ол маңызды салдарға әкеліп соғады. Ең алдымен, баланың әлеуметтік-психологиялық жағдайы өзгереді. Ата-анасы қарқынды дамытқан жарқын тұлғалы баладан, ол сынып - ұжым мүшесіне айналып, бірегейлігінен айырылады. Бала менмендіктен алшақтап, қоғам мүшесіне айнала бастайды.

Отбасы, мұғалімдері мен достары балаға бұл мәселелерден арылуға көмек бере алады, алайда бұл жас ерекшелік кезең өкілдері өздігінен ойланып, зерделеп ұғынуы керек. Осы сәтте, балаға балалар әдебиеті көмекке келеді, оның мақсаты тек сауықтырып үйрету ғана емес, сонымен бірге, бала алдына күрделі мәселелер қойып олардың шешімінің нұсқаларын ұсынады. Балалар әдебиеті баланы мектеп өміріне бейімделуге көмегін тигізетін көлемді туындыларды ұсынуда. Осы жастағы балаларға авторлар психологиялық-педагогикалық мәселелерді ойын формасына айналдырып, балаларға лирикалық жанрлардан оқушылардың жас ерекшелік және әлеуметтік портреттерін; прозаикалық шығармалардан мектеп повесін, жануарлар, заттар, мамандықтар жайлы әңгімелері мен ертегілерін таныстырады. Балалар әдебиетінің балаға берер елеулі көмегі: оқу мәселелері мен міндеттерінің көркем дәрежеде шешімін табу. Мәселен, табиғаттану әңгімелері, очерктер балаға дүниетану, биология, табиғаттану сынды пәндерді оңай меңгеруге мүмкіндік береді. Әдебиет тұлғаның эстетикалық сезімін дамыта алады. Сондай-ақ, балаға өмірдің күлкілі сәттерін, ирония не екендігін көрсетуге тырысып, баланың өмірге саналы-эмоционалды қатынасын өзгертіп, есеюдің қиын кезеңі - өтпелі кезеңге дайындайды.

Ересектік шақ (балдәурен) - адам өміріндегі психологиялық тұрғыдан қиын әрі эмоционалды кезең. Ересектік кезеңде (10-16 жас) құрдастармен, отбасы мүшелерімен, тіптен қоршаған ортамен қарым-қатынас жаңадан қарастырылады. Осы жас ерекшелік кезеңде көптеген өзгерістер болады: физиологиялық есею және ағзаның қайта құрылуы, сырт келбеттің өзгеруі, алайда ең маңыздысы - рухани өсу, ересек адамның мінезін қалыптастырып негіз болатын адамгершілік қасиеттері. Жасөспірім психикасы тұрақты емес және өте эмоционалды. Орта және жоғары сынып оқушылары әдебиетті дербес таңдай алады. Әдетте, детектив, қызықты оқиғалар, махаббат жайлы роман болуы мүмкін. Жазушылар дидактикалық құрандыны қолдана, есейіп келе жатқан тұлғаның жанын тебірентер жайларын ескеріп, тәрбиелеу романы (повес), сезім тәрбиелеу повестері және мектеп повесі жанрларына жүгінеді.

Балалар жазушысы мен ақынына қойылатын ең басты талап – балаларға деген шынайы құрмет, қылаусыз сүйіспеншілік, оларды түсінуге деген құштарлық. Балалар ақыны болу – балалық шаққа саяхат жасау емес, шығармашылық әлемінде бала болып өмір сүру. Бұл орайда белгілі педагог В.А.Сухомлинскийдің: «...детский мир – это мир особый. Дети живут своими представлениями о добре и зле, чести и бесчестии, человеческом достоинстве; у них свои критерии красоты, у них даже свое измерение времени: в годы детства день кажется годом, а год – вечностью. Имея доступ в сказочный дворец, имя которому – Детство, я всегда считал необходимым стать в какой-то мере ребенком. Только при этом условии дети не будут смотреть на вас как на человека, случайно проникшего за ворота их сказочного мира, как на сторожа, охраняющего этот мир, сторожа, которому безразлично, что делается внутри этого мира» [4, 4],- деген сөзіндегі мұғалімге қатысты ойды балалар ақынына да байланысты қабылдауға болары даусыз. Өйткені балалар ақыны да – белгілі дәрежеде мұғалім, тәрбиеші. Айырмашылығы – балалар ақынының өзі білім беретін, тәрбиелейтін балалардың жанында болуы, тікелей үйретуі шарт емес. Шарт – оның туындыларының әр түрлі жастағы балалардың рухани сұранысын өтеуі, жанашыры, досы, сырласына айналуы [5, 51].

Қорытынды

Осылайша, педагогика, психология, психиатрия салаларында маңызды жаңалықтарға байыған балалар жазушылары оқырманның үмітіне сүйене, оның талғамын қалыптастыра отырып, сонымен бірге, заман талабын ескерді. Балалар әдебиетінің мақсатты аудиториясы жас ерекшелігі кезеңдерінің өкілдерін ғана санаққа алмай, сонымен қатар ересектерді де ескереді, себебі олар бөбектерге кітабын оқып, оған жол сілтеп, оқу мәдениеті мен талғамын қалыптастырады, немесе балалық шағындағы дүниелерді қайта оқып жарқын эмоцияларға ереді. Тек ғылым мен зерделі психологиялық әдебиеттер ғана емес, құнды да эмоционалды көркем әдебиетте балаға дүниені ашып тануға, ал ересектерге өзінің және баланың жандүниесін ашып түсінуге мүмкіндік ашады.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Ерғобек Қ. Арыстар мен ағыстар. 1-кітап. – Алматы: Өркениет, 2003. – 368 б.
- [2] Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.
- [3] Мухина В.С. Возрастная психология: феноменология развития, детство, отрочество –Указ.соч. – 170.
- [4] Сухомлинский В.А. Сердце отдаю детям. –Киев: Радянська школа, 1974. –288с.
- [5] Өлтай А. Қазақ балалар поэзиясы: генеалогия, типология, поэтикалық даму: дис. ... фил.ғыл.д-ры- Астана, 2009. - 285 б.

REFERENCES

- [1] K. Erhobek. Outstanding personalities and sinks. 1-book. Almaty: Reniec, 2003. 368 p
- [2] M. Zhumabayev. Pedagogy. Almaty: Ana tili, 1992. 160 b.
- [3] V. Mukhina. With. Age psychology: phenomenology of development, childhood, adolescence. Decree.Op. 170.
- [4] V. A. Sukhomlinsky I give my Heart to children. Kiev: Radyans'ka SHKOLA, 1974. 288 p.
- [5] And The Altai. Kazakh children's poetry: genealogy, typology, poetic development: dis. ... Phil. scientific. Dr. Astana, 2009. 285 p.

УДК 808.068

А.М. Тинейбаева, М.Б. Шайхыстамова

Международный казахско-турецкий университет имени А.Ясави, г.Туркестан

ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ ДЕТСКОЙ ПОЭЗИИ

Аннотация. В статье рассматриваются психолого-педагогические основы формирования детской литературы. Детская литература - книга жизни, что дает знания и воспитание подрастающему поколению. Ведь развитие детской литературы так или иначе связано с идеями возрастной психологии и педагогики.

Ключевые слова: детская литература, поэзия, возрастная психология, личность, дидактика.